

Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздігі туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасының 1998 жылғы 26 маусымдағы N 233 Заңы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 6 қаңтардағы № 527-IV Заңымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР-ның 2012.01.06 № 527-IV (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

МАЗМҰНЫ

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының тәуелсіз егеменді мемлекет ретінде дамуының басты шарты болып табылады.

Осы Заң мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың және азаматтардың ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы құқықтық қатынастарын реттейді, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің мақсатын, жүйесі мен бағыттарын белгілейді.

1-тарау. Жалпы ережелер

1-бап. Осы Заңда пайдаланылатын негізгі ұғымдар

Осы Заңда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) азық-түлік қауіпсіздігі - тұтынудың физиологиялық нормаларын және демографиялық өсуді қанағаттандыру үшін жеткілікті болатын сапалы азық-түлік тауарларына халықтың нақты және экономикалық қол жеткізуін қамтамасыз етуге мемлекеттің қабілетті екендігін білдіретін экономиканың жай-күйі;

2) ақпараттық қауіпсіздік - мемлекеттік ақпараттық ресурстардың, сондай-ақ ақпарат саласында жеке адамның құқықтары мен қоғам мүдделері қорғалуының ж а й - к ү й і ;

3) әскери қауіпсіздік - елдің тәуелсіздігі мен аумақтық тұтастығына әскери сипатта төнген нақты және ықтимал қауіп-қатерлер мен қол сұғушылықтан Қазақстан Республикасы қорғалуының жай-күйі;

4) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі (бұдан әрі - ұлттық қауіпсіздік) - елдің ұлттық мүдделерінің нақты және ықтимал қауіп-қатерлерден қ о р ғ а л у ы н ы ң ж а й - к ү й і ;

5) Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері (бұдан әрі - ұлттық мүдделер) - іске асырылуына мемлекеттің адам мен азаматтың конституциялық

құқықтарын, Қазақстан қоғамының құндылықтарын, негіз қалаушы мемлекеттік институттарды қорғауды қамтамасыз ету қабілеті байланысты болатын Қазақстан Республикасының саяси, экономикалық әлеуметтік және басқа да қажеттерінің жиынтығы;

6) қоғамдық қауіпсіздік - Қазақстан Республикасының азаматтары өмірінің, денсаулығының және игілігінің, сондай-ақ Қазақстан қоғамы құндылықтарының нұқсан келтіруге қабілетті ықтимал қауіптер мен қатерлерден саяси-құқықтық, рухани-адамгершілік, әлеуметтік жағынан қорғалуы;

7) сыртқы қауіпсіздік - Қазақстан Республикасы ұлттық мүдделерінің шет мемлекеттер, шетелдік ұйымдар мен азаматтар тарапынан туындайтын қауіп-қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

8) ұлттық қауіпсіздік объектілері - жеке адам, оның құқықтары мен бостандықтары, қоғам, оның материалдық және рухани құндылықтары, мемлекет, оның конституциялық құрылысы, тәуелсіздігі және аумақтық тұтастығы;

9) ұлттық қауіпсіздік субъектілері - өз өкілеттігін биліктің заң шығарушы, атқарушы және сот билігі тармақтарының органдары арқылы жүзеге асыратын мемлекет, азаматтар мен ұйымдар;

10) ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатер - ұлттық мүдделерді іске асыруға кедергі жасайтын немесе оларға қауіп төндіретін жағдайлардың, процестер мен факторлардың жиынтығы;

11) ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасы - жеке адам мен азаматтардың конституциялық құқықтарын, Қазақстан қоғамының құндылықтарын, негіз қалаушы мемлекеттік институттарды қорғауды қамтамасыз ету жөніндегі ресми қабылданған көзқарастар мен шаралар жүйесі;

12) экологиялық қауіпсіздік - жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өмірлік маңызды мүдделері мен құқықтарының қоршаған ортаға антропогендік және табиғи әсерлер салдарынан туындайтын қатерлерден қорғалуының жай-күйі;

13) экономикалық қауіпсіздік - Қазақстан Республикасы ұлттық экономикасының тұрақты дамуы мен экономикалық тәуелсіздігіне қатер төндіретін ішкі және сыртқы жағдайлардан, процестер мен факторлардан қорғалуының жай-күйі.

Ескерту. 1-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 N 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

2-бап. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдары

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңдары Қазақстан Республикасының Конституциясына негізделеді және осы Заң мен Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілерінен тұрады.

3-бап. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету принциптері

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің принциптері:

- 1) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыру кезінде заңдылықты сақтау;
- 2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштерінің бір-біріне жедел хабардар етіп отыруы және келісілген іс-қимыл жасауы;
- 3) ұлттық қауіпсіздіктің барлық түрлерінің бірлігі, өзара байланысы және теңестірілгендігі;
- 4) саяси, экономикалық және ақпараттық шаралардың басымдығы;
- 5) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі;
- 6) ұлттық қауіпсіздікті қорғау жөніндегі іс-әрекеттің күллі жиынтығын іске асыруды бақылау болып табылады.

4-бап. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері

Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделері:

- 1) адам мен азаматтың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету;
- 2) елде қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты сақтау;
- 3) Қазақстанның бүкіл халқының игілігі үшін экономикалық даму;
- 4) қазақстандық патриотизмді тәрбиелеу және Қазақстан халқының бірлігін нығайту;
- 5) Қазақстан қоғамының материалдық және рухани құндылықтарын сақтау мен еселей түсу;
- 6) Қазақстан Республикасы конституциялық құрылысының, оның ішінде мемлекеттік тәуелсіздігінің, бірегей құрылысы мен президенттік басқару нысанының, тұтастығының, мемлекеттік шекарасына қол сұғылмаушылық пен елаумағының бөлінбестігінің бұлжымас беріктігі;
- 7) мемлекеттік институттардың тұрақты жұмыс істеуі, оларды нығайту және қызметінің пәрменділігін арттыру;
- 8) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының жаракталуы мен жауынгерлік әзірлігін қамтамасыз ету;
- 9) заңдарды бұлжытпай орындау және құқық тәртібін сақтау;
- 10) әріптестік негізінде халықаралық ынтымақтастықты дамыту;
- 11) отандық агроөнеркәсіптік кешен субъектілерінің азық-түлік қауіпсіздігін толығынан қамтамасыз ететіндей тиянақты жұмыс істеуі және дамуы болып табылады.

Ескерту. 4-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

5-бап. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатер

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлер м ы н а л а р :

1) заңдылық пен құқық тәртібінің әлсіреуі, оның ішінде ұйымдасқан нысандарын қоса алғанда қылмыстылықтың өсуі, мемлекеттік органдардың қылмыстық құрылымдармен астасуы, лауазымды адамдардың капиталдың заңсыз айналымына сүйеуші болуы, сыбайлас жемқорлық, адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтарының қорғалу дәрежесі төмендеуіне ықпал ететін қару мен есірткі заттардың заңсыз айналысы;

2) конституциялық құрылысты күштеп өзгертуге бағытталған іс-әрекет, оның ішінде Қазақстан Республикасының бірегей құрылысына, тұтастығына, қол сұғылмаушылығына, аумағының бөлінбестігіне қиянат келтіретін іс-әрекет;

3) елдің қорғаныс қабілетінің әлсіреуі, мемлекеттік шекараның қол сұғылмаушылығына төнген қауіп-қатер, Қазақстан Республикасына қатысты күш қолдану, оған қарсы агрессия;

4) шет мемлекеттердің арнаулы қызметтері мен ұйымдарының, сондай-ақ жеке адамдардың Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруге бағытталған барлаушылық, террорлық, диверсиялық және өзге де іс-әрекеттері;

5) мемлекеттік органдардың қызметіне іріткі салу, олардың іркіліссіз жұмыс істеуін бұзу, елдің басқарылу дәрежесін төмендету;

6) кез келген нысандағы саяси экстремизм, оның ішінде әлеуметтік, нәсілдік, ұлттық, діни, тектік-топтық және рулық араздықты немесе алаусыздықты қоздыру;

7) ұлтаралық және конфессияаралық жанжалдардан, жаппай тәртіпсіздіктерден, рұқсат етілмеген жиналыстардан, митингілерден, шерулер мен демонстрациялардан, заңсыз тосқауылдар мен ереуілдерден көрінетін әлеуметтік-саяси жағдайдың шиеленісуі;

8) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделмеген әскерилендірілген құрамалар құру;

9) экологиялық жағдайдың күрт нашарлауы, табиғи апаттар мен табиғи және техногендік сипаттағы өзге де төтенше жағдайлар, жұқпалы аурулар мен індеттер;

10) стратегиялық ресурстардың ел мүдделеріне кереғар пайдаланылуын, инвестициялық белсенділіктің артуына, соның ішінде Қазақстан Республикасына шетелдік инвестициялардың құйылуына кедергі жасауды қоса алғанда, мемлекеттің экономикалық қауіпсіздігіне нұқсан келтіру, капиталды елден сыртқа бақылаусыз әкетуі;

- 11) демографиялық жағдайдың нашарлауы, соның ішінде бала туудың күрт төмендеуі, өлім-жітімнің көбеюі, бақылаусыз көші-қон процестерінің туындауы;
- 12) елдің білім және интеллектуалдық әлеуеті сапасының нашарлауы;
- 13) елдің ұлттық мүдделерін қорғау жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің жетілдірілмегендігі немесе болмауы;
- 14) ауыл шаруашылығы өнімдері мен азық-түлік тауарлары өндірісінің қысқаруына, сапасының, бәсекеге қабілеттілігінің және қолжетімділігінің төмендеуіне, олардың Қазақстан Республикасында өндірілмейтіндерінің басқа мемлекеттерден берілімінің қысқаруына байланысты азық-түлік қауіпсіздігі ж а й - к ү й і н і ң н а ш а р л а у ы .

Ескерту. 5-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2009.12.11 N 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

2-тарау. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі және оның негізгі міндеттері

6-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесі

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесін қолданылып жүрген заңдардың негізінде және бірыңғай мемлекеттік саясат шеңберінде оны қамтамасыз ететін, бір-бірімен өзара іс-қимыл жасайтын күштер, өз құзыреті шегінде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету үшін бүкіл жауапкершілікті толық мойнына алатын өзге де мемлекеттік органдар мен ұйымдар құрайды.

7-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің негізгі міндеттері

- Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жүйесінің негізгі міндеттері:
- 1) ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатерді болжау және анықтау;
 - 2) ұлттық қауіпсіздікке төнетін қауіп-қатердің алдын алу мен оны зарарсыздандыру жөніндегі жедел және ұзақ мерзімді шаралар кешенін әзірлеп, ж ү з е г е а с ы р у ;
 - 3) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші күштерді құрып, әзірлікте ұстау;
 - 4) Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес жалпыға бірдей және аймақтық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысу болып табылады.

8-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері

1. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштеріне:
 - 1) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен ә с к е р и қ ұ р а м а л а р ы ;
 - 2) ұлттық қауіпсіздік, ішкі істер, сыртқы барлау, әскери және қаржы полициясы органдары, Қазақстан Республикасы Президентінің Күзет қызметі, салық және кеден қызметтері, төтенше жағдайлардың зардаптарын жою

қызметтері

жатады.

2. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші күштер бір-бірімен заңдарда белгіленген шекте өзара іс-қимыл жасайды және өз құзыретіне жататын мәселелер бойынша бір-біріне өзара хабардар етіп отырады.

3. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету өз құзыреті шегінде дербес, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштерінің өтініштері бойынша жүзеге асыратын барлық мемлекеттік органдар мен ұйымдардың бәріне міндетті болып табылады.

Ескерту. 8-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

**3-тарау. Қазақстан Республикасы Президентінің,
Қазақстан Республикасы Парламентінің, Үкіметінің, соттарының,
мемлекеттік органдары мен меншік нысандарына қарамастан
ұйымдарының ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы
өкілеттіктері**

**9-бап. Қазақстан Республикасының Президентінің
өкілеттігі**

Қазақстан Республикасының Президенті:

1) елдің ұлттық мүдделерін қорғау саласында мемлекеттік биліктің барлық тармақтарының үйлесімді іс-қимылын қамтамасыз етеді;

2) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша актілер шығарады;

3) Қауіпсіздік Кеңесін құрады, оның міндеттері мен өкілеттігін белгілейді, Қазақстан Республикасының Ұлттық қауіпсіздік тұжырымдамасын бекітеді;

4) Ұлттық қауіпсіздікке төнген нақты, ықтимал қатерді айқындайды және Қауіпсіздік Кеңесінің пікірін ескере отырып, барлық азаматтардың, қоғам мен мемлекеттің қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қажетті шаралар қолданады;

5) Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша өзге де қажетті өкілеттікті жүзеге асырады.

10-бап. Қазақстан Республикасы Парламентінің өкілеттігі

Қазақстан Республикасының Парламенті:

1) Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету мәселелері бойынша заңдар қабылдайды, оларға өзгерістер мен толықтырулар енгізеді;

2) соғыс және бейбітшілік мәселелерін шешеді;

3) Қазақстан Республикасы Президентінің ұсынуымен Республиканың Қарулы Күштерін бейбітшілік пен қауіпсіздікті қолдау жөніндегі халықаралық

құқықтық актілердің, сондай-ақ Қазақстан Республикасы халықаралық шарттарының орындалуын қамтамасыз етеді.

13-бап. Мемлекеттік органдардың өкілеттігі

Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары өздерінің бірінші басшылары арқылы және өздерінің құзыреті шегінде:

1) қарамағындағы ұйымдардың ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды жоспарлау мен өткізу жөніндегі қызметіне басшылық етеді ;

2) жоғары тұрған мемлекеттік органдарға ұлттық қауіпсіздік жүйесін жетілдіру жөнінде ұсыныс енгізеді;

3) ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету саласындағы заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің сақталуын қамтамасыз етеді;

4) әрекеттері (немесе әрекетсіздігі) ұлттық мүдделердің бұзылуына, Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне қатер төндіруге әкеп соғатын лауазымды адамдарды, мемлекеттік қызметшілерді тиісінше жауапқа тартады.

14-бап. Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдарының, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың өкілеттігі

Облыстардың (республикалық маңызы бар қаланың, астананың) жергілікті өкілді және атқарушы органдар, меншік нысандарына қарамастан ұйымдар өздерінің құзыреті шегінде:

1) тиісті әкімшілік-аумақтық бөліністерде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөнінде шаралар қолданып, жұмыс ұйымдастырады;

2) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген жұмылдыру қуаттары мен жұмылдыру резервтерінің (ресурстарының) сақталуын қамтамасыз етеді.

Ескерту. 14-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

15-бап. Қауіпсіздік Кеңесі

1. Қауіпсіздік Кеңесі Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы консультациялық-кеңесші орган болып табылады.

2. Қауіпсіздік Кеңесін ұйымдастыру мен оның қызмет тәртібін Қазақстан Республикасының Президенті белгілейді.

4-тарау. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

16-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезіндегі азаматтардың құқықтары мен бостандықтарының кепілдіктері

1. Қазақстан Республикасы ұлттық заңдар мен халықаралық шарттарға сәйкес өз аумағындағы әрбір адамның және азаматтың қауіпсіздігін қамтамасыз етеді. Қазақстан Республикасы өз шегінен тыс жердегі Қазақстан азаматтарына мемлекеттің қорғалуы мен қамқоршылығына кепілдік береді.

2. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде адамның және азаматтың құқықтары мен бостандықтары тек заңдармен және конституциялық құрылысты қорғау, қоғамдық тәртіпті, адамның құқықтары мен бостандықтарын, халықтың денсаулығы мен адамгершілігін сақтау мақсатында қажет болатын мөлшерде ғана шектелуі мүмкін. Бұл орайда азаматтар мен ұйымдар заңдарда белгіленген тәртіппен ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету субъектілерінен өз құқықтары мен бостандықтарының шектелуі жөнінде түсіндірме алуға құқылы.

3. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету кезінде өз өкілеттігін асыра сілтеген лауазымды адамдар заңда белгіленгеніндей жауапты болады.

4. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге жәрдем көрсеткен азаматтар мен ұйымдарға мемлекеттік қолдау жасауға, оның ішінде Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес оларды құқықтық жағынан қорғауға кепілдік беріледі.

17-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шаралар

1. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге:

1) мемлекеттің барлық органдары мен лауазымды адамдары, сондай-ақ ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды іске асыруға заңды негізде қатысушы азаматтар құзыретінің ара-жігін жіті ажыратып, олардың үйлесімді жұмыс істеуін қамтамасыз ете отырып, дәйекті іске асырылатын біртұтас мемлекеттік саясат;

2) нақты және ықтимал қауіп-қатерге ұлттық мүдделерді қорғау жөнінде лайықты шаралар қолдану;

3) жеке адамның, қоғам мен мемлекеттің өзара жауапкершілігі, олардың мүдделерін теңестіріп отыру арқылы қол жеткізіледі.

2. Қазақстан Республикасы өзінің ұлттық қауіпсіздігін өз қолында бар барлық құралдар мен әдістер, оның ішінде біржақты немесе халықаралық шарттарға сәйкес қолданылатын экономикалық, саяси, әскери, құқықтық, арнаулы (барлау, қарсы барлау) құралдар мен әдістер арқылы қамтамасыз етеді.

3. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету:

1) осы саладағы мемлекет қызметінің негізгі бағыттарын белгілеу;

2) ұлттық қауіпсіздікке төнген қатерді анықтау және болжау;

3) ұлттық қауіпсіздікке төнетін қатердің алдын алу және оны зарарсыздандыру жөнінде, оның ішінде осы қатерді туғызушы себептер мен жағдайларды жою жөнінде оралымды және ұзақ мерзімді шаралар кешенін

ж ү з е г е

а с ы р у ;

4) ұлттық мүдделерге тікелей қатер төнген, оларға қол сұғылған жағдайларда, оның ішінде ішкі мемлекеттік, шекарааралық және ғаламдық сипаттағы тосын және төтенше жағдайлар туындаған реттерде ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету күштері мен құралдарын жұмылдыру;

5) ұлттық мүдделерді қорғау жөніндегі шешімдер мен іс-әрекеттерді дереу қабылдау, ұлттық қауіпсіздікке қол сұғатын кез келген заңсыз іс-әрекеттердің жолын кесу, өзге де құқық шектеу шараларын жүзеге асыру;

6) ұлттық мүдделерге қол сұғушылыққа байланысты зардаптарды оқшаулау және жою, қалпына келтіру шаралары кешенін жүзеге асыру арқылы ұлттық мүдделердің қорғалуының қажетті деңгейіне қол жеткізу мен оны сақтап отырудан тұрады.

18-бап. Экономикалық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Экономикалық қауіпсіздік мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың:

1) Қазақстанның экономикалық тәуелсіздігін қамтамасыз етуге;

2) Қазақстанның дүниежүзілік экономикалық жүйеден экономикалық тұйықталуына жол бермеуге;

3) ел экономикасының ресурстық-энергетикалық негізін сақтау мен нығайтуға;

4) Қазақстанның геосаяси төңірегінде туындайтын ықтимал теріс факторлардың әсеріне байланысты мемлекет экономикасының шетіндік дәрежесін барынша азайтуға;

5) отандық және халықаралық қаржы институттарымен өзара тиімді ынтымақтастықты қамтамасыз етуге, отандық экономиканы қалпына келтіру мен дамытуға арналған ішкі, сыртқы несие ресурстары мен инвестициялық мүмкіндіктер бағытының басымдығына;

6) мемлекеттік бюджет тапшылығының мүмкін болатын шекті деңгейінен асып кетпеуге және оның кіріс бөлігін нығайтуға;

7) бюджет қаражаты мен мемлекеттік ресурстардың нысанасыз пайдаланылмауына жол бермеуге;

8) сыртқы қарыздың республикалық бюджет туралы заңда белгіленген мөлшерге қарағанда ұлғайып кетуіне жол бермеуге;

9) Қазақстан аймақтарының әлеуметтік-экономикалық дамуындағы қатерлі теңдессіздікке жол бермеуге;

10) бәсекені көтермелеу және монополизмді шектеу жағдайында ел экономикасында қазақстандық тауар өндірушілердің үлесін арттыруға;

11) экономикалық өсуді қамтамасыз етуге бағытталған шешімдерімен және іс-әрекеттерімен қамтамасыз етіледі.

2. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау, оның ішінде мемлекеттің өнеркәсіп әлеуетін сақтау мен нығайту мақсатында мемлекет шетелдік инвесторларға берілетін кепілдіктерді сақтай отырып, Қазақстан экономикасының шетелдік ұйымдар мен шетел қатысатын ұйымдардың басқаруындағы немесе меншігіндегі объектілердің жай-күйі мен пайдаланылуын бақылауды жүзеге асырады.

3. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптар Қазақстан Республикасының стратегиялық ресурстарын пайдалану жөніндегі келісім-шарттар жасалған (өзгертілген) кезде, осы келісім-шарттардың орындалуы мен олардың орындалуын бақылау, сондай-ақ мемлекеттік органның жер қойнауын пайдаланушының жер қойнауын пайдалану құқығын басқа тұлғаға ішінара немесе толық беруіне рұқсат беруі немесе рұқсат беруден бас тартуы туралы шешім қабылдауы кезінде және жер қойнауын пайдалану құқығына ие заңды тұлғадағы қатысу үлесін (акциялар пакетін) иеліктен айыруға рұқсат беруі немесе рұқсат беруден бас тартуы кезінде міндетті түрде ескеріледі.

Бұл ретте мемлекеттік орган, өтінім берушіге осы тармақта көзделген мәмілелерді жасауға рұқсат беруден, егер бұл бір елден шыққан бір тұлғада немесе тұлғалар тобында мұнай операцияларын жүргізу құқықтарының шоғырлануына әкеп соғатын болса, бас тартуға құқылы.

Аффилиирленген тұлғалармен мәмілелерге қатысты да осы шарттың сақталуы міндетті.

4. Мыналарға :

1) шегінде еңбек, қаржы ресурстары мен өзге де ресурстардың еркін орын ауыстыруы жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының рынок кеңістігінің;

2) Қазақстан Республикасының біртұтас және дербес қаржы жүйесінің, соның ішінде елдің бүкіл аумағында ұлттық валюта-теңге айналысының;

3) Қазақстан Республикасының біртұтас және дербес коммуникациялық және энергетикалық жүйелерінің қалыптасуы мен іркіліссіз жұмыс істеуі мүдделеріне қайшы келетін қандай да болсын шешімдер қабылдауға және іс-қимыл жасауға жол берілмейді.

5. Мыналарға :

1) Қазақстан экономикасына инвестициялардың құйылуына кедергі жасайтын ;

2) теңге бағамының күрт құлдырауына, мемлекеттің алтын-валюта активтерінің сарқылуына, елдің экономикасы мен ақша айналысын тұралатып тастауы мүмкін мемлекеттік қарыз көлемінің өсуіне ұрындыратын;

3) капиталдың елден сыртқа бақылаусыз әкетілуіне ықпал ететін шешімдер қабылдауға және іс-қимылға тыйым салынады және бұл жауаптылыққа әкеп соғады.

6. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі Қазақстан Республикасының стратегиялық ресурстарына (объектілеріне) меншік құқығының ауысуына және туындауына шектеу қояды.

Ескерту. 18-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2005.10.14 N 79 Заңымен.

19-бап. Қоғамдық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Қоғамдық қауіпсіздік мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың:

1) азаматтардың жеке қауіпсіздігін, олардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету кепілдіктерін нығайтуға;

2) қазақстандық патриотизмге және ұлтаралық татулыққа негізделген жалпыұлттық психологияны қалыптастыруға;

3) Қазақстан халқының бірлігін нығайтуға;

4) халықтың табиғи өсімін көтермелеуге және дағдарысты демографиялық процестерге қарсы әрекет жасау жөнінде дер кезінде шаралар қолдануды қамтамасыз етуге;

5) қылмысқа, соның ішінде оның ұйымдасқан түрлеріне, сыбайлас жемқорлық пен терроршылдыққа қарсы күресті күшейтуге;

6) саяси тұрақтылыққа қауіп төндіретін жұмыссыздықтың күрт өсуі мен халықтың тұрмыс деңгейінің төмендеуін тежеуге;

7) халықтың денсаулығы мен адамгершілігіне, Қазақстан халқының тектік қорына қауіп төндіретін нашақорлық пен маскүнемдіктің, сондай-ақ басқа да әлеуметтік факторлардың алдын алуға;

8) елдің интеллектуалдық әлеуетінің төмендеуіне кедергі жасауға бағытталған шешімдерімен және іс-әрекеттерімен қамтамасыз етіледі.

2. Мыналарға:

1) Қазақстан халқының бірлігін бұзуға және ұлтаралық қатынастар жай-күйін нашарлатуға;

2) елдегі қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылықты бұзуға;

3) діннің мемлекет істеріне және мемлекеттің дін істеріне заңсыз араласуына әкеп соқтыруға;

4) қылмыс пен құқық бұзушылықтың өсуіне көрінеу алып келуге ықпал ететін шешімдер қабылдау мен іс-қимыл жасауға жол берілмейді.

3. Азаматтардың, соның ішінде саяси партиялар мен өзге де қоғамдық бірлестіктер өкілдерінің:

1) конституциялық құрылысты құлатуға немесе күштеп өзгертуге, соның ішінде жікшілдікке немесе Қазақстан Республикасының бірегей құрылысына, оның аумағының тұтастығына, қол сұғылмаушылығына және бөлінбейтіндігіне

кәтер төндіретін немесе өзге де іс-қимылға;
2) билікті басып алуға;

3) Қазақстан Республикасының қалыптасқан органдарының, Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес сайланған (тағайындалған) лауазымды адамдардың өкілеттігін күш қолданып тоқтатуға немесе қызметіне кедергі келтіруге;

4) орын алып отырған конфессиялық айырмашылықтар мен түрлі діни көзқарастарды саяси мақсатқа пайдалануға шақыруы ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіреді және заңда белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады деп танылады.

4. (алынып тасталды - 2000.04.28 N N 45 Заңымен)
Ескерту. 19-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.04.28 N 45 Заңымен.

20-бап. Әскери қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Мемлекеттің барлық органдары мен лауазымды адамдарының, меншік нысандарына қарамастан ұйымдар мен азаматтардың міндеті:

- 1) Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетін нығайтуға;
- 2) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің жауынгерлік қабілет деңгейін ұстап тұруға және оны арттыруға;
- 3) жұмылдырушы қуаттар мен жұмылдырушылық резервтерді (ресурстарды) сақтауға жәрдемдесу болып табылады.

2. Қазақстан Республикасының қорғаныс қабілетіне және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінің, басқа да әскерлері мен әскери құрамаларының жауынгерлік қабілетіне нұқсан келтіруі мүмкін шешімдер мен іс-қимылдардың қандайын болса да қолдануға тыйым салынады.

3. Қазақстан Республикасы бекіткен халықаралық шарттарға көзделген р е т т е р д і қ о с п а ғ а н д а :

- 1) Қазақстан аумағында шет мемлекеттердің әскери базаларын орналастыруға ;
- 2) шет мемлекеттердің әскери құрамаларының, қару-жарақтары мен әскери техникасының Қазақстанның аумағы арқылы транзиттік түйісуі мен өткізілуіне ж о л б е р і л м е й д і .

4. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштері, басқа да әскерлері мен әскери құрамалары ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдарына сәйкес тартылады.

21-бап. Экологиялық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

Тиісті мемлекеттік органдардың, меншік нысандарына қарамастан ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың міндеті:

- 1) қоршаған ортаны қорғау, табиғи ресурстарды ұтымды пайдалану және қ о р ғ а у ;

- 2) Қазақстанға экологиялық жағынан қауіпті технологиялардың, заттар мен материалдардың бақылаусыз әкелінуіне жол бермеу;
- 3) ел аумағының радиоактивті, химиялық ластануына, бактериологиялық зарарлануына жол бермеу;
- 4) экологиялық жағынан қауіпті және жетілдірілмеген технологиялардың қолданылу ауқымын қысқарту;
- 5) шаруашылық және өзге де қызметтің келеңсіз экологиялық зардаптарын жою болып табылады.

22-бап. Ақпараттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасында ақпаратты, оның ішінде мемлекеттік ақпарат ресурстарын қорғаудың ұлттық жүйесі құрылып, нығайтылады. V053923

2. Қазақстан Республикасының органдары мен лауазымды адамдарының сыртқы саяси және сыртқы экономикалық мәселелер бойынша шешімдер қабылдауы дүниежүзілік саяси және экономикалық даму үрдістері, басқа, әсіресе шектес мемлекеттердің саясаты мен экономикасындағы ахуалдар туралы шынайы және алдын ала берілетін ақпаратқа негізделуге тиіс.

3. Мемлекеттік органдардың, меншік нысанына қарамастан ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың міндеті:

- 1) Қазақстанның ақпараттық тәуелділігіне;
- 2) басқа мемлекеттердің тарапынан ақпараттық экспансия жасау мен қоршауға;
- 3) Қазақстан Республикасының Президентін, Парламентін, Үкіметін және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші күштерін ақпараттық жағынан оқшаулауға жол бермеу жөнінде барлық қажетті шараларды қолдану болып табылады.

4. Мыналарға:

- 1) Қазақстан Республикасының ақпараттық кеңістігін қалыптастыру және оның үздіксіз жұмыс істеуі;
- 2) Қазақстанның байланыс пен информатиканың әлемдік жүйесіне кіруі жөніндегі ұлттық мүдделеріне қайшы келетін қандай да болсын шешімдер қабылдауға және іс-қимыл жасауға жол берілмейді.

5. Мыналарға:

- 1) бес жыл ішінде лауазымдық жағдайына байланысты мемлекеттік құпия болып табылатын мәліметтерге қол жеткізген адамдардың Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуіне;
- 2) Қазақстан Республикасының аумағында мазмұны ұлттық қауіпсіздікке нұқсан келтіретін баспа өнімін және шетелдік бұқаралық ақпарат құралының өнімін таратуға;
- 3) мемлекет мүдделеріне байланысты қызметтік және өзге де ақпаратты

ж а р и я

е т у г е ;

4) шетелдік жеке және заңды тұлғалардың, сондай-ақ азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасындағы заңды тұлға - бұқаралық ақпарат құралдары өкілінің немесе осы салада қызметін жүзеге асырушының акциялар пакетінің (үлесінің, пайлардың) 20 процентінен астамын тікелей және (немесе) жанама түрде иеленуіне, пайдалануына, билік етуіне және (немесе) басқаруына т ы й ы м с а л ы н а д ы .

6. (алынып тасталды - 2000.04.28 N N 45 Заңымен).

Ескерту. 22-бапқа өзгерту енгізілді - Қазақстан Республикасының 2000.04.28 N 45 , 2009.07.10. N 178-IV Заңдарымен.

22-1-бап. Байланыс саласындағы қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасының ұлттық мүдделерін қорғау және ақпараттық оқшаулануын болдырмау мақсатында уәкілетті мемлекеттік органдар инвесторларға берілетін кепілдіктерді сақтай отырып, магистральдық байланыс жолдарын басқару мен пайдалануды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметіне, сондай-ақ шет ел қатысатын ұйымдардың басқаруындағы немесе меншігіндегі байланыс желілеріне осы Заңда айқындалған тәртіппен бақылау жасауды жүзеге а с ы р а д ы .

2. Қазақстан Республикасының қауіпсіздігін сақтау мақсатында, оның ішінде ерекше кезеңде әрі табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлар, карантиндер, өзге де төтенше жағдайлар туындаған кезде байланыс желілерінің үздіксіз және тұрақты пайдаланылуын қамтамасыз етуге бағытталған шараларды қолдану мемлекеттік органдардың, ұйымдардың, лауазымды адамдар мен азаматтардың міндеті болып табылады.

3. Қазақстан Республикасының органдары мен лауазымды адамдары байланыс желілерін салу, оларды пайдалану және дамыту мәселелері жөнінде шешім қабылдау кезінде Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігін сақтау талаптарын басшылыққа алуға тиіс.

4 . М ы н а л а р ғ а :

1) шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдік заңды тұлғалардың магистральдық байланыс жолдарын басқаруына және пайдалануына;

2) басқару орталығы Қазақстан Республикасының шегінен тыс жерде орналасқан байланыс желілерін оның аумағында құруға және пайдалануға;

3) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде байланыс жолын иеленуші және (немесе) оларды басқару немесе пайдалану жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының он процентінен астамын Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайтын уәкілетті органның келісімінсіз жеке

және заңды тұлғалардың дербес немесе бір топ адамдар құрамында сатып алуына немесе меншікке өзгеше алуына;

4) қалааралық және (немесе) халықаралық байланыс операторы ретінде телекоммуникация саласындағы қызметті жүзеге асыратын, жер бетіндегі (кәбілдік, оның ішінде талшықты-оптикалық, радиорелелік) байланыс жолдарын иеленетін заңды тұлғаның дауыс беретін акцияларының, сондай-ақ үлестерінің, пайларының жиынтығы 49 процентінен астамын шетелдіктердің, азаматтығы жоқ адамдар мен шетелдік заңды тұлғалардың тікелей және (немесе) жанама иеленуіне, пайдалануына, билік етуіне және (немесе) басқаруына;

5) жедел-іздік шараларын қамтамасыз ету жөніндегі нормативтік құқықтық актілердің талаптарына сай келмейтін байланыс желілерін пайдалануға беруге тыйым салынады.

5. Байланыс саласында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі қызметті жүзеге асыратын ұйымдардың акцияларын (үлестерін, пайларын) иелену немесе олардың қызметіне қатысу бөлігіндегі өзге де шектеулер Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленеді.

Ескерту. 22-1-баппен толықтырылды - Қазақстан Республикасының 2004.07.05 N 568 Заңымен.

23-бап. Мемлекеттік институттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Мемлекеттік институттардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары мен лауазымды адамдарының аса маңызды міндеті, олардың қызметтік іс-әрекетін бағалау өлшемдерінің бірі болып табылады.

2. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі талаптарда:

1) елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының бағыттары мен кезеңдерін стратегиялық жоспарлау;

2) мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдардың заң шығару, басқару актілері мен өзге де актілерді әзірлеуі, қабылдауы және орындауы кезінде міндетті түрде ескеріледі.

3. Мыналарға:

1) Қазақстан Республикасы мемлекеттік органдарының, соның ішінде оның құқық қорғау органдарының қауіпсіздік қызметтері мен соттарының біртұтас жүйесінің;

2) Қазақстан Республикасының біртұтас құқықтық жүйесінің қалыптасуы мен іркіліссіз жұмыс істеуі мүдделеріне қайшы келетін қандай да болсын шешімдер қабылдауға және іс-қимыл жасауға жол берілмейді.

4. Мемлекет:

1) мемлекеттік қызметтің беделі мен абыройын арттыруға;

2) белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін адамдардың мемлекеттік қызметке кіруіне жол бермейтін ұйымдық-құқықтық тетіктер қалыптастыруға бағытталған шаралар қолданады.

5. Қазақстан Республикасының мемлекеттік қызметшілері өз қызметінде жалпы мемлекеттік мүдделерді басшылыққа алуға міндетті. Мемлекеттік қызметшілердің мемлекеттік өкіметтің беделіне күмән келтіруі мүмкін, лауазымдық жағдайын қызметтен тыс мүдделерге пайдалануға апарып соғатын шешімдер қабылдауына және іс-қимыл жасауына тыйым салынады.

6. Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдарының:

1) республикалық және жергілікті бюджеттердің қаражатын, соның ішінде мемлекеттік сатып алуға арналған қаражатты және бөлінген несие ресурстарын үлестеп бөлуге;

2) рұқсаттар мен лицензиялар беруге;

3) шаруашылық қызмет субъектілеріне заңдарда белгіленген жеңілдіктер мен преференциялар беруге;

4) мемлекеттік меншік объектілерін жекешелендіруге байланысты шешімдер қабылдау рәсімдері заңдарда белгіленген шекте ашық және бақылаулы сипатта болуға тиіс.

24-бап. Сыртқы қауіпсіздікті қамтамасыз ету

1. Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздіктің халықаралық кепілдіктерін алу мақсатында Қазақстанның ұлттық қауіпсіздігінің құрамдас бөлігі болып табылатын халықаралық (ғаламдық, аймақтық) қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысады.

2. Сыртқы саяси қатынастар саласында ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету:

1) ғаламдық бейбітшілік тәртібін қалыптастыру жөніндегі халықаралық күш-жігерге қатысудан;

2) Қазақстанның геосаяси төңірегіндегі ұжымдық қауіпсіздіктің тиімді жүйесін қалыптастыру мен нығайтудан;

3) Қазақстан Республикасы ұлттық қауіпсіздігінің мүдделеріне сай қызмет істейтін халықаралық ұйымдарға қатысудан;

4) елден тыс жерлерде Қазақстан Республикасының халықаралық шарттарына сәйкес ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағытталған шараларға қатысудан;

5) қажет болған жағдайларда шектес мемлекеттермен бірлесіп, ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуге қатысты мәселелерді шешуден тұрады.

3. Қазақстан Республикасы:

1) сенімді шекаралық бақылауды жүзеге асыру мақсатында мемлекеттік шекараны қорғау жүйесін дамытып, нығайтады;

2) ұқсас халықаралық бақылау жүйелеріне кірігу арқылы мемлекеттің әуе кеңістігіне бақылаудың ұлттық жүйесін қалыптастырады;

3) заңсыз көшіп келуге жол бермеу жөнінде қажетті шаралардың бәрін қ о л д а н а д ы .

4. Қазақстан Республикасына қарсы зиянкестік қызметті жүзеге асыратын, Қазақстанның егемендігіне, аумақтық тұтастығына, оның халқының бірлігіне, елдегі қоғамдық татулық пен саяси тұрақтылыққа жария қарсы шығатын шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдардың Қазақстан Республикасына келуіне жол берілмейді. Қазақстан Республикасының аумағында жүрген және осындай жария бой көрсетуге жол берген шетелдік азаматтар мен азаматтығы жоқ адамдар ел шегінен қуылуға тиіс әрі Қазақстан Республикасының заңдары мен халықаралық шарттарына сәйкес өзге түрде де жауапқа тартылады.

24-1-бап. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету

1. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету азық-түлік қауіпсіздігіне төнетін қауіп-қатерлердің алдын алуға және оларды бейтараптандыруға бағытталған әлеуметтік-экономикалық, ғылыми-техникалық, әкімшілік және өзге де шараларды әзірлеу және іске асыру арқылы жүзеге асырылады.

2. Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету:

1) жасына, мүліктік және әлеуметтік жағдайына, тұрған және тұрғылықты жеріне қарамастан тұтынудың физиологиялық нормаларына сәйкес сапалы азық-түлік тауарларына халықтың нақты және экономикалық қол жеткізуін қ а м т а м а с ы з е т у ;

2) Қазақстан Республикасында өндірілетін, әкелінетін және өткізілетін азық-түлік тауарлары сапасының Қазақстан Республикасының тамақ өнімдерінің қауіпсіздігі туралы заңнамасында белгіленген талаптарға сәйкестігі;

3) ішкі және сыртқы қолайсыз факторлардың әсеріне қарамастан азық-түлік тауарларының мемлекеттік ресурстарын қалыптастыру, жаңарту және толықтыру ;

4) аграрлық азық-түлік нарығына қол жеткізу үшін тең бәсекелестік ортаны қ ұ р у ;

5) мемлекет пен жеке кәсіпкерлік субъектілерінің өзара іс-қимылы мен ы н т ы м а қ т а с т ы ғ ы ;

6) азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелерінде қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпкерлер қауымдастықтарының (одақтарының) рөлін а р т т ы р у ғ а ж ә р д е м д е с у ;

7) аграрлық азық-түлік нарығының жай-күйі туралы ақпараттың қолжетімділігі мен ашықтығы принциптеріне құрылады.

Мемлекеттік органдардың, жеке және заңды тұлғалардың:

1) азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйін нашарлататын;

2) азық-түлік тауарларына бағаның негізсіз көтерілуін, азық-түліктің ішкі ресурстарының төмендеуін арзандататын;

3) азық-түлік тауарларын Қазақстан Республикасының шегінен тысқары жерлерге заңсыз әкетуге ықпал ететін;

4) сапасыз және халық үшін қауіпті азық-түлік тауарларын ішкі нарыққа әкелуге ықпал ететін шешімдер қабылдауына және іс-әрекеттер (әрекетсіздік) жасауына жол берілмейді.

3. Қазақстан Республикасының Үкіметі азық-түлік қауіпсіздігінің жай-күйі нашарлаған кезде азық-түлік тауарларының экспорты мен импортына уақытша тыйым салу мен шектеулер енгізуге құқылы.

Ескерту. Заң 24-1-баппен толықтырылды - ҚР 2009.12.11 N 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

25-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі шараларды қаржыландыру

Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етуші күштердің қызметі мен осыған бағытталған шаралар бюджет қаражаты есебінен қаржыландырылады.

Ескерту. 25-бапқа өзгерту енгізілді - ҚР 2004.12.20 N 13 (2005 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) Заңымен.

5-тарау. Қорытынды ережелер

26-бап. Ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі заңдар мен өзге де нормативтік құқықтық актілердің қолданылуын қадағалау

Осы Заңның және ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз ету жөніндегі өзге де нормативтік құқықтық актілердің дәл қолданылуына жоғары дәрежелі қадағалауды Қазақстан Республикасының Прокуратурасы жүзеге асырады.

27-бап. Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасын бұзғаны үшін жауаптылық

Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздік саласындағы заңнамасын бұзу Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген жауаптылыққа әкеп соғады.

Ескерту. 27-бап жаңа редакцияда - ҚР 2009.12.11 N 229-IV (қолданысқа енгізілу тәртібін 2-б. қараңыз) Заңымен.

28-бап. Осы Заңның өзге де нормативтік құқықтық актілермен арақатынасы

Осы Заңның ережелері ұлттық қауіпсіздікті қамтамасыз етудің жекелеген бағыттары мен әдістерін реттейтін заң актілері мен өзге де нормативтік құқықтық актілерді әзірлеу және қабылдау үшін негіз болып табылады.

29-бап. Халықаралық шарттар және елдің ұлттық қауіпсіздігі

М ы н а л а р ғ а :

- 1) Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігіне нұқсан келтіруі мүмкін немесе мемлекеттік тәуелсіздігін жоғалтуға әкеп соғатын;
- 2) Қазақстан Республикасының егемендік құқықтары аясын тарылтатын халықаралық шарттар жасасуға жол берілмейді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Президенті

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК